

Қ.Б. КҮДЕРИНОВА <sup>1</sup>, М. СЕРІКҚЫЗЫ <sup>2✉</sup>, И.Б. БАЙСЫДЫҚ <sup>3</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kuderinova\_70@mail.ru

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: marjanserikqyzy1@gmail.com

<sup>3</sup>PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: i.baissydyk@gmail.com

### ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ («Қыз Жібек» фильмінің негізінде)

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары салаланып, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормалары тұрақтанып, жазба тілдің өзіне тән тұрақты құрылымдары пайда болды дегенмен, басқыншы тілдің, тілдік ортаның әсерінен және мемлекеттік тіл саясатының дұрыс жүргізілмеуінен қазақ тілі өзінің дәстүрлі сөз нормасынан айырылып бара жатқаны белгілі. Бұл жағымсыз үдерісті тоқтату, баяулату үшін немесе бұл үрдістің салдарынан оң нәтижелер алу үшін қазақ тілінің дәстүрлі сөйлеу мәдениеті, сөзсаптам нормасы қандай болғанын зерттеудің маңызы зор. Сондай зерттеулердің бір тармағы ретінде мақалада «Қыз Жібек» фильмі кейіпкерлерінің сөз саптауы арқылы қазақ тілінің жоғары эстетикалық деңгейдегі ұлттық сөйлеу ерекшеліктері көрсетіледі.

Мақаланың мақсаты – қазақ тілінің ұлттық дәстүрлі сөйлеу мәдениеті, эстетикасы жоғары реңкте сөзсаптау бірліктері қандай болды және оның негіздері неде жатты деген сұрауларға жауап іздеу. Мақаланың негізгі бағыты – сөз мәдениеті теориясы, ауызша сөз лингвистикасы мәселелері. Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптау мәдениеті қазақ халқының мәдениеті мен құндылықтарынан, дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшелігін көрсететінін дәлелдеу.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптам нормаларын жаңғырту, зерттеу, тіл мәдениеті, стилистика салалары бойынша жаңа тұжырымдар мен болжаулар жасау, дәстүрлі сөйлеу заңдылықтарын сақтап, көтеріңкі стильде сөйлеудің үлгілерін көрсету.

Мақаланы жазу барысында ғылыми талдау, лингвостилистикалық талдау, жинақтау, салыстыру, пайымдау әдістері қолданылды. Зерттеудің материалы ретінде Ф. Мүсіреповтың сценарийімен 1972 жылы С. Қожықов түсірген «Қыз Жібек» фильмі алынды.

Авторлар мақаланың негізгі нәтижелері мен талдауында қазіргі қазақ тіліндегі сөйлем құрылысы, прагматикасы, орфоэпиясы өзгеріп жатқанын, сөз түзуді сөйлемнің грамматикалық нормасын сақтау ғана деп түсінетін қоғамда, ұлттық тіліміздің өзіне тән

#### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Күдеринова Қ.Б., Серікқызы М., Байсыдық И.Б. Қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениеті («Қыз Жібек» фильмінің негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 18–29. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.02>

#### \*Cite us correctly:

Kuderinova Q.B., Serikqyzy M., Baisydyq I.B. Qazaqtyn dasturli soileu madenieti («Qyz Jibek» filminin negizinde) [Kazakh Traditional Speech Culture (Based on the Film «Kyz Zhibek»)] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 18–29. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.02>

ерекшелігінен айырылып қалу қаупі туындап отырғанын айтады. Ұлтқа тән ұйқасқа құрылған сөздермен сөйлеу, астарлап сөйлеу тәсілдері арқылы адамның мінезіне, танымына әсер ету мүмкіндігі бар екенін айқындайды.

Мақаланың құндылығы – қазақ тілінің дәстүрлі грамматикалық, этикалық, коммуникативтік нормасының анықталуы болып табылады.

Мақала тіл үйренушілерге, қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйренем деушілерге, тіл мәдениеті, стилистика салаларында қосымша ретінде пайдалануға болады.

**Кілт сөздер:** сөйлеу мәдениеті, сөз мәдениеті, сөзсаптам, этикалық норма, қазақ киносы, кино тілі, сөз өнері.

**K.B. Kuderinova<sup>1</sup>, M. Serikkyzy<sup>2</sup>, I.B. Baissydyk<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Doctor of Philological Sciences, Professor*

*Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kuderinova\_70@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: marjanserikqyzy1@gmail.com*

*<sup>3</sup>PhD, Senior Lecturer of Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: i.baissydyk@gmail.com*

### **Kazakh Traditional Speech Culture (Based on the Film «Kyz Zhibek»)**

**Abstract.** The Kazakh language has undergone changes under the influence of various internal and external factors and has lost its traditional norm. Therefore, it is important to study what is the traditional norm and culture of speech in the Kazakh language. In this article, the author defines the characteristic features of speech for the Kazakhs through the diction of the characters in the film «Kyz Zhibek».

The aim of the article is to find answers to the questions of what was the traditional culture of speech of the Kazakhs, what is the expression of national identity in the language and how it affects the traditional speech culture. The main direction of the article is the problems of language culture in the system of linguistics. The main idea of the scientific work is to determine what was the culture of speech in the traditional Kazakh society, to prove by examples that through the speech the character of the nation can change.

The scientific significance of the article lies in the fact that, the impact on raising the level of word formation in the Kazakh language, the development of language culture, stylistics, the practical significance is to show the differentiation of the traditional culture of speech of the Kazakhs, the subordination of the traditional language laws and the definition of the preconditions for proper speech.

When writing the article, the methods of scientific analysis, linguostylistic analysis, generalization, comparison and reasoning were used. The material for the study was the film «Kyz Zhibek» filmed by S. Kozhikov in 1972 based on the script by G. Musrepov.

The author notes that the main results and the analysis of the article changes everything that is said in the modern Kazakh language: the structure of speech, the way words are pronounced and the sounding, in a society which understands that it is only a question of observing grammatical norms of speech, the risk of losing the specificity of the national language arises. Determines that in the conclusion there is an opportunity to influence the character, the cognition of the person through the speech, the intonation of the speech characteristic of our nation. If language loses its nature, he concludes that language will lead to the change of the nation, the destruction of the national character and finally the destruction of the nation.

The value of the article lies in defining the traditional grammatical, ethical and communicative norms of the Kazakh language.

**Keywords:** speech culture, linguistic culture, national character, linguistic norms, ethical norms, the Kazakh cinematography, film language, art of speech.

**К.Б. Кудеринова<sup>1</sup>, М. Сериккызы<sup>2</sup>, И.Б. Байсыдык<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>доктор филологических наук, профессор*

*Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: kuderinova\_70@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: marjanserikqyzy1@gmail.com*

*<sup>3</sup>PhD, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: i.baissydyk@gmail.com*

### **Казахская традиционная культура речи (по мотивам фильма «Кыз Жибек»)**

**Аннотация.** Силевые ветви современного казахского литературного языка, грамматические, стилевые, орфографические, орфоэпические нормы стабилизировались, появились характерные устойчивые структуры письменного языка, однако известно, что под влиянием вторгшегося языка, языковой среды и неправильного проведения государственной языковой политики казахский язык теряет свои традиционные нормы слова. Важно изучить, какой была традиционная культура речи, норма словообразования казахского языка, чтобы остановить, замедлить этот негативный процесс или получить положительные результаты вследствие этого процесса. Кроме того, в статье отражены особенности национальной речи казахского языка на высоком эстетическом уровне посредством словосочетания героев фильма «Кыз Жибек».

Цель статьи – поиск ответов на вопросы о национальной традиционной культуре речи, эстетике казахского языка, о том, какими были единицы словообразования высокого тона и в чем заключались его основы. Основное направление статьи – теория культуры слова, проблемы лингвистики устного слова. Основная идея научной работы – доказать, что традиционная культура словообразования казахского языка отражает культуру и ценности казахского народа, специфику традиционного казахского общества.

Научно-практическая значимость статьи – возрождение традиционных словообразовательных норм казахского языка, исследование, создание новых выводов и прогнозов по областям языковой культуры, стилистики, сохранение традиционных речевых закономерностей и демонстрация образцов речи в возвышенном стиле.

При написании статьи использовались методы научного анализа, лингвостилистического анализа, обобщения, сравнения, рассуждения. Материалом исследования послужил фильм «Кыз Жибек», снятый С. Кожыковым в 1972 году по сценарию Г. Мусрепова.

Авторы отмечают в основных результатах и анализе статьи, что в современном казахском языке меняется структура предложения, прагматика, орфоэпия, в обществе, понимающем словообразование только как соблюдение грамматической нормы предложения, возникает угроза потери характерной черты нашего национального языка. Определяют способность человека влиять на свой характер, познание через приемы речи, подчеркивания рифмующихся слов, характерных для нации.

Ценность статьи – определение традиционной грамматической, этической, коммуникативной норм казахского языка.

Статья может быть использована в качестве приложения для изучающих язык, тех, кто хочет говорить на казахском языке чисто, правильно, в области языковой культуры, стилистики.

**Ключевые слова:** речевая культура, языковая культура, национальный характер, языковая норма, этическая норма, казахская кинематография, киноязык, искусство речи.

### Кіріспе

Қазақ халқы ежелден сөз өнерін жоғары бағалап, оны өнер атаулының ең ұлысы деп құндылықтар қатарында таниды. Содан болар, айтылар сөздің алмағы мен салмағының өте нәзік тұстарын асқан сезімталдықпен түйсінген. Қаршадайынан баланың санасына қай жерде қалай сөйлеу керетін өзіннің үлгісінде көрсетіп отырған. Яғни қазақ үшін сөздерді нормаға сай қолдану ғана емес, сонымен қатар орынды сөз айту (прагматикалық), адамның көңіліне қарап сөйлеу де (этикалық) өте маңызды болған.

Тіл адамның өмір сүру барысында коммуникативтік және танымдық қызмет атқарады және ол (тіл) – табиғаттың кез келген құбылысын бейнелей алатын таңбалар жүйесі. Адамзат тарихындағы кез келген өзгеріс, даму, кері кету, көркею тілдің сан қатпарында сақталып, қатталады.

Тілдік қорымызда бар сөздер коммуникацияда, жұмсалым барысында басқа мән алып, түрліше құбылып, белгілі бір жағдаятта ғана түсінікті болатын мағыналары болады. Немесе уақыт өте келе бір мағынадан келесі бір мағынаға өтіп кетеді. Осындай өзгерістердің барлығы тілімізде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Тілде ұлттың белгілі бір кезеңдегі салт-дәстүрі, ұлттық болмысы, әлеуметтік санасы, тұрмыстық ерекшеліктері (кумулятивтік) көрініп тұратыны сондықтан.

Тілдің ең маңызды қызметі адамдардың бір-бірімен түсінісе алуында (коммуникативтік), Р. Сыздық: «Тіл тек қатынас құралы емес, ол эстетикалық та құрал. Тіл адамдарға бір-бірімен түсінісіп қою үшін ғана емес, әсемдік дүниені сезіну үшін де қажет» [1, 6-б.] екенін (эстетикалық) айтады. Яғни тіл қарым-қатынастың ғана құралы емес, ол – сондай-ақ сан ғасырлар бойы ұлт тарихында болған қандай да бір өзгерісті, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан, сұрыпталған салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен әдебиетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші (аксиологиялық) құрал. Әр халықтың тілінде, сөйлеуінде сол ұлтқа ғана тән өзгешеліктер мен ерекшеліктердің болатынының себебі осыдан.

Кез келген қоғам қандай да бір орныққан этикет нормалары арқылы реттеліп отырады. Ал этикет нормалары сан ғасырлық тәжірибе арқылы, тарихи-әлеуметтік жағдайларды бойына жинау арқылы, ол жинақталған материалдарды күнделікті өмірде сұрыптау арқылы дүниеге келеді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан түрлі нормалар адамзаттың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас құруына жәрдемін тигізеді. Мысалы, тілдік норманы қатаң сақтағанымен әдеп нормасы сақталмаса, керісінше, әдеп нормасы сақталып, тілдік норма сақталмаса, коммуникативтік қатынас сәтсіз болады. Адам күнделікті өмірде алуан түрлі әлеуметтік рөл атқарады. Біресе дүкеннен зат сатып алуға келген тұтынушының рөлінде болса, бірде қоғамдық көліктің жолаушысы, тағы бірде ағаның рөлінде, бірде көршінің, оқырманның, көлік жүргізушісінің т.с.с. түрлі әлеуметтік рөлдерді атқаруына тура келеді. Сол рөлдердің әрқайсысының өзіне сай сөйлеу ерекшелігі болады. Коммуникант әдеттегі сөйлеу тәртібінен ауытқитын болса, бірден көзге түседі. Себебі бұл – нормадан ауытқу. Ал нормалардың басты мақсаты – қоғам мүшелерінің қарым-қатынасын реттеу. Сол тілдік норманы тану, талдау, зерттеу үшін «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» ұғымдарына жүгінеміз.

Біз мақаламызда «қазақтардың дәстүрлі сөйлеу мәдениеті қандай болды», «әр алуан сипаттағы мәдени үдерістердің тілге тигізер әсері қандай», «ұлттық ерекшеліктің тілдегі

көрінісі қандай болады» және «дәстүрлі сөйлеу мәдениетіне қалай әсер етті» деген сұрауларға жауап іздеп көреміз.

### **Зерттеу әдістері**

Мақаланы жазу барысында тілдік материал ретінде заңғар жазушы Ғ. Мүсіреповтің сценарийімен түсірілген С. Қожықовтың «Қыз Жібек» фильміндегі дәстүрлі сөз үлгілері алынды. Алдымен фильм кейіпкерлерінің сөздерінің транскрибациясы жасалды. Қатардағы көрермен үшін сәтті диалог болып танылған сөздердің прагматикасына, интенциясына, лингвостилистикалық бірліктеріне назар аударылды. Қазақ сөз мәдениетіне тән дәстүрлі сөйлеу машығын анықтау үшін сөз стилін беретін лингвомәдениеттанымдық бірліктер анықталып, сөзсаптамдық, стилистикалық, лингвистикалық талдаулар жасалды. Талдау қорытындысы бойынша қазақтың дәстүрлі ұлттық этикасы негізінде пайда болатын диалог сөздердің үлгісі айқындалды. Сондай-ақ мәтінге жасалған стилистикалық талдау сөз болып отырған бірліктер көтеріңкі, салтанатты стильге жататыны анықталды.

Зерттеу жұмысында сөйлеу мәдениеті, стилистика, ұлттық нормаларды анықтау үшін отандық тіл білімінен Ғ. Мүсірепов [2], Н. Уәли [3], М. Серғалиев [4], Р. Сыздық [1], Қ. Жұмалиев [5], Қ. Күдериновалардың [6] зерттеу жұмыстарына шолу жасалды. Қазақтың дәстүрлі сөзсаптам үлгілерін анықтауда А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында профессор Қ. Күдеринованың жетекшілігімен 2020–2022 жылдары жүргізілген ИРН АР08856640 «Қазақ тілі дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің прагматикасы» атты мемлекеттік гранттық жобаның нәтижелері басшылыққа алынды. Негізінен академик Р. Сыздықтың «ұлттық әдеби тіл нормасы», «ұлттық көркем сөз нормасы» [1, 6-б.], «сөз өнері ұлттық көркем тіл нормасының ең басты көрсеткіші болып танылады» [1, 9-б.] деген тұжырымдамалық пікірі зерттеуіміздің бастамы болды. Ғалымның «қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілеріне алдымен, ауыз әдебиеті мен ауызша тараған прозалық үлгілерден алған ұзақ дәстүрлі тіл болғандығын және аса бейнелі тіл» [1, 13-б.] деген анықтауы осы «Қыз Жібек» жырының желісімен жазылған сценарий бойынша түсірілген көркем фильмнің тілін алуымызға арқау болады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ең алдымен «тіл мәдениеті» және «сөз мәдениеті» деген терминдерге тоқталсақ. Бұл екеуі өзара мағыналас болғанымен әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. «Тіл мәдениеті» терминінің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын тілді жетілдіре беруге, негізгі нормаларын (жүйесі мен құрылымдарын) қалыптастыра түсуге тікелей жәрдемі тиетін грамматикалар, сөздіктер, түрлі анықтама құралын жасау бағытында іс-әрекеттермен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізді мәселелерді де қамтиды. Ал сөз мәдениеті дегеніміз – қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді» [3, 13-б.]. Біз мақаламызда қазақтардың дәстүрлі сөйлеу мәдениетінде қандай өзгешеліктер болды деген мәселені қарастырамыз. Сондықтан «сөз мәдениеті» ұғымына тоқталамыз.

Кез келген адам өз сөзін тыңдаушы тарапқа (тыңдарман) түсіндіруге тырысады. Ол үшін коммуникация барысында алуан түрлі тілдік/тілдік емес бірліктерді қолданады. Түсіндіру барысындағы тілдік/тілдік емес бірліктерді қолдануы арқылы ол адамның сөйлеу мәдениеті көрінеді. Сөз мәдениеті адамның жалпы мәдениеттілігінің, ойлау мәдениетінің жоғары болуын көздейді.

Сөз мәдениеті үшін тек қана қалыптасқан нормадан ауытқымай сөйлеу, сөздерді нормаға сай қолдану аса маңызды, бірақ жеткіліксіз. «Сөйлеген (жазған) сөздің тілдік құрылымын тілдік емес мәнділіктермен тығыз байланыста қарау; адресант/адресат факторлары; сөз құрылымындағы тілдік таңбалардың ақиқат дүниемен үйлесімділігін айқындау; мәтін түзушінің когнитивтік санасы мен мәтінді қабылдаушының когнитивтік санасындағы ортақ білім қорының құрылымындағы таңбалардың тілдік емес жағдаяттарға сәйкес/сәйкес еместігін анықтау, т.б., сондай-ақ сөйлеушінің (жазарманның) тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ойын, сезімін, интенциясын мәтін қабылдаушының адекватты аша білу мәселесін айқындау, т.б. сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі болып табылады» [3, 48-б.].

«Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең. Тілі де бай» [7, 115-б.] екенін айтады М. Жұмабаев. Ал Б. Момышұлы: «Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгiлi жағдайдың өзiнiң аузына құм құятын ғажайып кемел тiл» [8] дейдi. Расында «жылқы тұяғының дүбірінен оянған, жусан иісі аңқып тұрған, бетегелі белдің көрінісі; ботасынан айырылып аңыраған інгеннің боздаған үнінен күңіренген қыл қобыз бен ажалы жеткен ақсақ құлан шабысынан алқынған домбыраның әуені «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтуды қадірлеген қазақтың би-шешендері мен қарт жырауларының терең ойлы сөздері» [9, 13-б.] бұл күндегі қазақ сөзінің негізі. Бұндай сөздер арқылы біз мәдениетіміз, ой-санамыз қандай болған, мынау ақиқат дүниені біз қалай таныдық, қалай жүйеледік, оны қалай көрсете алдық деген сұрақтарға жауап аламыз.

Ұлтымыздың сөйлеу ерекшелігінде амандасудан бастап қоштасқанға дейінгі мәдениет дала институтының «жазылмаған заңымен» бекіген. Жасы үлкенге, жасы кішіге, әйел адамға, жас балаға қалай сөйлеу керек, құрдастардың қалжыңы, нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың, құдалардың, келін мен ата-енесінің, таныс, бейтаныс, т.с.с. адамдардың арасындағы қарым-қатынастар да осы уақытқа дейінгі қалыптасқан әдеп нормасымен реттеліп қойған. Сөйлеушінің ғана емес, тыңдаушының да өзіндік әдебі болады. Қазақ тыңдаушы халық, аз сөзді алтынға балап, көп сөзді көмір деп ұнатпай, «көп сөз ұтпайды, дөп сөз ұтады» деп аз сөзге көп мағына беріп, саз сөйлеуге тырысқан.

Қазіргі қоғам ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезі. Соған сай сана өркениеті өрістеп, биіктеп келеді. Бір анығы, адамның санасы, дүниетанымы өзгерген сайын қоғам да өзгереді. Қоғамның өзгеруі құндылықтардың өзгеруіне әкеліп, адамның сөйлеу мәдениетіне де өз әсерін тигізуде. «Қазақ халқы басқа өнерден қалық болса да, сөз өнерінен ешкімді алдыға шығара қоймаған. Сөзді, сөйлеуді өнер деп таныған, жай әңгіменің өзін майын тамызып айтқан, өткір де, шешен сөйлеген, жатық та еркін сөйлеген, қарапайым сөйлеудің өзін ритмге құрып, ойын ашық және нақты айтқан әуезді де әсем тілі бар қазақ тілі бүгін танымастай өзгеріп бара жатыр деуге болады» [6, 9-б.]. Осы құбылыстарды алғаш көтеріп, жағымсыз үдерістің салдарын ғана айтып қоймай, оның негіздерін іздеуге қоғамның назарын аударған, қазақ тілінің ұлттық сөйлеу нормалары ұғымын сөзсаптам атауымен атап, зерттеу жасаған А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары «Қазақ тілі дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің прагматикасы» атты мемлекеттік гранттық жобаның аясында «бұрынғы қазақ қалай сөйлеген еді» деген сұраққа жауап іздеген еді.

Мақаламызда қазақ киносының шоқтығы биік туындыларының бірі «Қыз Жібек» фильміндегі дәстүрлі сөз үлгілеріне талдау жасадық. «Қыз Жібек» – көркемөнердегі тылсым

құбылыс. Оның өмірге келуінің өзінде бір ғажаптық бар. Бейне бір қазақты жебеуші Тәңірдің өзі «ғасырдың қайталанбас ғажабын жасасын» деп, ылғи дарындарды бір жерге әкеліп тоғыстырғандай. Әр салада бұлықси тулаған таланттар бір арнаға тоғысқан соң, кемеріне сыймай бұлқына бой көтерген тәрізді. Қараңызшы, сценарийін жазған – қара сөзінің өзі өлеңге бергісіз төгіліп тұратын Ғабен, режиссері – тектінің тұяғы, дегдар Сұлтан Қожықов, суретшісі – Гүлфайруздай сұлулық сұлтаны, сазгері – Нұрғиса, әнін Қайрат айтып, өлеңін Қадыр жазса, редакторы қазақтың қос марғасқасы – қос Сүлейменов болса, бұл кино ғажап құбылыс болмай не болушы еді!» [10]. 1972 жылы Бүкілодақтық кинофестивальде «Үздік көркемдік шешім» аталымы бойынша жеңімпаз болған, бүгінгі күні қазақ киносының төлқұжатына айналған «Қыз Жібек» туындысы қазақ ауыз әдебиетінің айтулы мұрасы «Қыз Жібек» жырының негізінде түсірілген. Әлемге қазақ деген ұлттың тарихын, салт-дәстүрі мен тұрмысын көрсеткен, ұлттық мінезін танытқан туындының сценарийін қазақ сөз өнерінің майталманы Ғабит Мүсірепов жазған. Ұлттың ұмытылып бара жатқан дәстүрлерін көрсете отырып, әр кейіпкердің болмысына қарай түрліше сөйлетіп, сол арқылы қазақы мінез, қазақы тәрбие, қазақы мәдениетті көрсете білген. «Қазақтың сөз өнерінде «Ғабиттің тілі» деген тіл бар. Ол қандай тіл? Ол – «сымға тартқан күмістей» сұлу тіл. Ол – нақты тіл, затты тіл. Ол сөз ғана емес, сөзбен салынған сурет. Ол – биік парасат, терең философия. Ол – сыр, сезім... Ғабит тілі – сырлы да сиқырлы тіл» [11, 58-б.], «...қағаз бетіне түскен қолының дір еткен тұсы болмаған, әрқашан еркін, батыл, байсалды қозғалған; әр сөз өз орнында шебер құрылысшының кірпішіндей берік қалаған да отырған» [12, 5-б.]. Ана тілінің әр сөзіне аса үлкен жауапкершілікпен қарап, сөз түзуді тек сөйлемдердің грамматикалық нормасын ғана сақтау деп түсінбейтін, өзінен кейін келе жатқан, қаламдас ақын-жазушылардан да бұны талап еткен жазушының бұл туындыда да әр сөзіне үлкен жауапкершілікпен қарағанын аңғаруға болады.

Фильм тіліне назар аудару, алдымен, қазақ мәдениетіндегі этикалық нормалардан шығатын сөзқолданыстарды талдаудан басталды. Мысалы, фильмдегі Бекежан мен Жібектің диалогынан үзінді келтірейік:

– *Бекежан аға, айтып бола алмай жүргеніңіз бір Ақ Жайықтың жыры болса, оны осы ел өзі-ақ жеткізер еді-ау. Алып бола алмай жүргеніңіз болса, алар едіңіз. Жат қорлығынан құтқарысып, өз зорлығымды орнатам десеңіз, бұл ел оған көнбей жүрер...*

– *Жібекжан, алып бола алмағаның бар шығар деп бекер айтпаған боларсың? Ойланып айтқан боларсың. Ендеше мен де соған шап бердім. Алып бола алмағаным жоқ емес. Әкең маған қалауыңды өзің таңда деген еді. Сол қалауым алынған жоқ, әлі...*

– *Қалауыңыз қарлығаштың қаны, не адамның жаны емес шығар. Берем десе, берер. Аларсыз...*

– *Одан олқы болса, қалау болмай әдіра қалсын да, Жібекжан!*

– *Ат тізгінін тартып ұстасаңыз қайтер ед(i)?!*

Бұл үзіндіден қазақтың сөйлеу мәдениетіне тән *астарлап сөйлеу* үлгісін көре аламыз. Бекежан *әкеңнен сені сұраймын, алатын ақым – сенсің* дегенді аңғартады Жібекке. Оны Жібек түсініп, *Ат тізгінін тартып ұстасаңыз қайтер ед(i)?!* деп өзінің қарсылығын білдіреді.

Тағы бір ерекшелік ретінде ұлтымызға тән өзінен үлкен кісіге *аға, көке, әпке, апай* деп, жасы кіші адамның есіміне *-жан, -тай, -бай* (Жібекжан, Мағжантай, Арманбай) қосымшаларын қосып сөйлеу мәдениетін де аңғаруға болады.

Сондай-ақ фильмде Төлегеннің *«Әке, құмға тығылып, құрай паналап ешкім де ел болған емес, қара нөсерден ыққан қой қасқырдың жемі»* деген сөзі бар. Мұнда да *халықтан бөлініп қалғаның дұрыс емес* деген жалпы тілдегі түсініктен гөрі, өзіне таныс оқиғалардың негізінде, астарлап жеткізуі де сөзінің өтімдірек болуына көмектесіп тұр. «Астарлау – ой жасыру емес, арнайы түсінетін кісілерге бағытталған тұспалдау, уақытша ғана ойды

құпиялау. Астарлап сөйлеу — отырған адамдардан ой бүкпелеу емес, олардың әзірше ғана түсінбей қалуы үшін, ой иесінің өзіне ғана керекті адамның түсінігіне сай ыңғайлап айтылған, әдейі қолданылған ымы, меңзеуі (ойы, ұғымы)» [13, 181-б.].

Астарлап сөйлеу – ұлттық танымымызда бар, халқымызға тән сөйлеу мәнері. Бұл – тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс. Осы күні қазақтың астарлап сөйлеу мәдениеті жоқтың қасы. Барлық сөзді бүкпей, тәптіштеп айту белең алған. Сөзді тауып сөйлеу, астарлап сөйлеу, ыммен сөйлесу дегеннің бәрі қалып, әр сөзді өз орнына, өзге тіл элементтерін қоспай сөйлесе болды, сол сөз жақсы сөйленген сөз ретінде бағаланатын болды.

– *Сіз мана маған қыз алдында қыр көрсете сөйледіңіз-ау деймін?!*

– *Иә. Арқаңа батқаны енді білініп келе ме?*

– *Жоғ-ау, еркекке еркек еркекше сөйлесетін шығар деп ойлаушы ем...*

– *Мен немене қатындарша сөйлестім бе?*

– *Бет тырнай сөйлегеніңізге қарағанда қатындардан алыс дей алмас ем...*

Бұл үзінді – бас кейіпкерлер Бекежан мен Төлегеннің арасындағы диалог. Үзіндідегі қыр көрсете сөйлеу, еркекше сөйлесу, қатындарша сөйлесу, бет тырнай сөйлеу сынды сөйлеу түрлерінің сөйленетін орны, өзіне тән ерекшелігі бар. Оның бірі өз орнынан тыс жерде сөйленсе, нормадан ауытқу болып көзге оғаш көрінеді.

Бұнда көңілімізді аудартқаны, жалпы қазақ танымында жігіттің көп сөзді болғанын ұнатпайды. Ұлды басы артық сөзге араласпауға, сыпсың сөзге құмартпауға, бір сөзді болуға тәрбиелеген. «Асыл ердің баласы, аз сөйлер де, көп тыңдар» деп, аз сөзділік нағыз ерге тән қасиеттің бірі екенін санаға құйып отырған. Жоғарыдағы үзіндіден де *Бет тырнай сөйлегеніңізге қарағанда қатындардан алыс дей алмас ем...* деп Бекежанның көпсөзділігін, сөзбен шағып, қыздардың алдында артық сөйлегенін сынайды.

Бүгінгі күні ер адамдардың кез келген сөзге араласып, орынды-орынсыз сөзді айта беруінің салдары ер жігітке тән іріліктің, бірсөзділіктің азаюына алып келуде. «Әдетте не нәрсе көбейсе, сол нәрсенің бағасы төмендейді» [2]. Қазіргі қоғамда ер азаматтың бағасының түсіп, қадірінің кете бастағаны осы көп сөзділіктің зардабынан болуы мүмкін.

Сондай-ақ бұл диалогтан қазаққа тән *сөз төркінін баға сөйлеу* машығын байқаймыз. – *Сіз мана маған қыз алдында қыр көрсете сөйледіңіз-ау деймін?!* деп, сөздің артын бағып, адресаттың ауанын байқайды. *-ау* демеулік шылауы арқылы *мен сізді дұрыс түсіндім бе, солай ма* дегенді аңғартады. Егер адресат жоқ, олай емес, *сіз қате түсіндіңіз* деп жауап берсе, болар қайшылықтың алдын алуға болады.

Ал төменде хан мен батырдың арасындағы диалог берілген. Байқап отырғандарыңыздай, батыр (Бекежан) сөзі белгілі бір ырғақпен өрілген *ерермін, не ермеспін; айтқалы келдім, сұрағалы келдім, айтқалы келдім; ат тізесін қостым деп кетем, ат құйрығын кестім деп кетем* бұл сөздер адресант сөзіне стилдік реңк беріп, оның эмоционалды-эксперссиялық бояуын қалыңдата түскен.

– *Алдияр!*

– *Айта ғой, батырым.*

– *Айтсам, не ерермін көшіңе, не ермеспін. Соны айтқалы келдім. Аңыз байқалды. Әділ байлам болар ма екен деп, соны сұрағалы келдім. Қалауыңды айт дегенің бар ед(i). Соны айтқалы келдім. Берсең, ат тізесін қостым деп кетем, ал бермесең, ат құйрығын кестім деп кетем.*

– *Жарқыным! Жат мінезіңді көрсетуші болма! Екеуіңнің байласқан серттеріңді бұзып, біреуіңе бүйрегім бұрылса, менің кім болғаным?! Қызымның көңілі қайсысыңа ауса, батамды соған беремін. Одан өзгеге жоқпын.*

– Әр байламның түп қазығы бар. Мен Шекті деп түн қатып жүрсем, сен Жағалбайлыға басыңды и дейсің. Имедім басымды. Басыңа тағы да бір іс түсер, мекенім – Қособа. Енді мен де сені сынап бақтым. Хош...

– Хош!

Сөйлемдердің бірде жай сөйлем, бірде құрмалас сөйлем, тағы бірде атаулы сөйлем түрінде кезектесіп келуі, тыңдарманның санасына салмақ салмай, оқиға желісіне еріп отыруы үшін жасалған тәсіл.

«...Өз көршілестеріне қарағанда, қазақтардың арасында шешендік өнер дамыған. Оның тілі шұрайлы да еркін қабылданады. Қазақтың әр сөзді ойнақы ететіні соншалық, ол өлең сөзде ұзын-сонар суырып салма шешендік өнерін танытып қана қоймайды, сонымен бірге оның әдеттегі тілі, сөздер мен тіркестер құрылымында белгілі бір әуен-ырғақпен ерекшеленеді, демек, сол тілдің өзі бейне өлең өрнегі іспеттес келеді. Тілі бейнелі, сөз төркіні айқын да дәлме-дәл мағына береді, демек, қазақтарды «Батыс Азияның француздары» деп атауға толық негіз бар. Менің жазғанымдай, нақ осы халықтың өте-мөте бай халық әдебиеті пайда болғанына еш таңдануға болмайды» [14] деп, В.В. Радлов айтқан қазақтың сөйлеу мәнерінің бір көрінісі деп есептейміз.

«Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майырылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды. Абай айтқандай, көңілдегі көрікті ойың айтуы келіспесе түкке тұрмай қалады» [2, 250-б.]. Расында, сөзді өнер біткеннің ұлысы деп санайтын қазақ үшін бүгінгі сөздің қадірінің кеткені сөзді қалай болса солай пайдаланудың себебінен туындаған болар. «Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә – сөзді орнына қолдана білмейтіндердің өзінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын дұрыс тауып бере білсе, жай сөздің өзі де поэтик тілдің ролін атқарады» [5].

«Дұрыс, жақсы, көркем сөйлеу үшін адамның мәдениеті жоғары болу керек деген түсінік бар. Сөздің коммуникативті сапасы ойлау мәдениетімен де байланысты. Қасаң, таптаурын ойдан әсерлі сөз шықпайды. Сөйлеушінің тілдік бейнесі қасаң тартып тұрады» [15, 139-б.]. Айналамыздағы адамдардың сөз қолданысынан жағымды, жағымсыз, этикалық, эстетикалық, зияткерлік, психологиялық, т.б. бағалау категориялары көрінеді. Яғни, ұлтқа тән тілдік, мәдени, танымдық, аксиологиялық категориялардың барлығы сөйлеушінің сөзінен, ниетінен, діттемінен көрініп тұрады. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» халқымыз ежелден сөз өнерін, сөздің құдіреті мен киесін аса жоғары бағалап, адамның сөзіне қарап оның қандай екенін таныған. Кез келген адам ойын өзгеге дұрыс, тиянақты, анық жеткізуге тырысады. Сол үшін сөйлер сөзін адресаттың біліміне, ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне қарай түрліше жеткізеді. Сөзі неғұрлым жинақы, анық, әуезді, таза болса, соғұрлым ол сөз тыңдалады, тыңдарманға жетеді, тыңдарманын жалықтырмайды. Біздің ұлттық сөйлеу мәдениетімізде осы қасиеттердің барлығы болғанын айтқан едік:

- «аз сөзділік,
- әуезділік,
- тауып сөйлеу,
- өткірлік,
- сөз төркіні айқын болуы,
- дәлме-дәл мағына беру,
- сөздің ырғағы болу,
- өз діттемін жеткізе білу,
- көркемдік,
- мағына тереңдігі» [16, 52-б.].

Фильмнің өн бойынан дәстүрлі қазақ қоғамындағы коммуникациялар, дәстүрлі қазақ отбасындағы үлкен мен кіші, әкесі мен баласы, шешесі мен қызы, жеңге мен қайын сіңлі, келін мен ене, жеңге мен қайны және т.б. мүшелері арасындағы тілдік қатынастардың

жарқын үлгісі болатын мысалдарды көп табуға болады. Мысалы, фильмдегі шағын көріністер түрінде болса да, туындының іргетасын қаласып тұрған сюжеттер Жібек пен жеңгесінің арасында өрбиді. Қазақтың коммуникациялық ерекшелігінде қайын сіңілі мен жеңгенің сөйлесуінің де өзіндік әдебі болған. Мысалы, фильмдегі Жібек пен жеңгесінің диалогы:

– *Сәукелеңді киіп көрші.*

– *Төлеген келе алмай жатыр деп жаның ашығаны ма, жарым көңілге алданып жасағың келе ме? Бірінің де керегі жоқ. Киер кезінде киемін өзім. Келеді Төлеген. Келеді!*

– *Еркежан-ау, келмейді деп ойласам сәукелеңді әзірлер ме едім. Келеді, әрине. Әрине, келеді.*

Дәстүрлі қазақы ортада жеңгесі ата-енесінің, әулеттің үлкендерінің атын атамаған, тіпті қайын сіңілілері мен қайныларының да атын атамай ат тергейтін болған. Жібекті де жеңгесі *Еркежан* деп еркелеткен. Қызға анасынан кейінгі жақын адамы – жеңгесі. Диалогтен жеңгенің қайын сіңілісіне деген ерекше қамқорлығын, жанашырлығын, ниеттес екендігін аңғаруға болады. Ал фильмдегі мына сюжеттегі бейвербалды амалдар арқылы да жеңгенің орнын аңғартады. Жібек төбе басындағы көпшіліктің алдына іш көйлекпен шыққанын көрген әкесі шешесіне зілдене қарайды, ал шешесі келінге түйіле қарайды, ал келін қайын сіңілісінің оғаш қылығына өзін кінәлі сезінгендіктен артынан жүгіре жөнеледі. Бір-бірімен үнсіз ұғынысқан, әркім өз жауапкершілігін түсінген.

Сонымен қатар, тағы бір ерекшелік қыз бен жігіттің арақатынасының берілуі. Мұнда некелеспеген екі жас некесі қиылмайынша бір-біріне жақындауына болмайтындығы, ондай ескертуді басқа емес, жеңгесінің қайта-қайта қадап айтуы да ұлттық ерекшелігіміз.

– *Жібекжан, арамызда жатқан мынау «Зер белдікке» қарағанда... Екеуіміз асау ақ Жайықтың екі жағасында тұрғандай көрінеміз бе?*

– *Иә...екі жақ жағасында тұрғандаймыз. Дауысымыз да жетеді, үніміз де қосылар. Әттең, су терең. Дүлей толқында алай-түлей, өткел жоқ.*

– *Өткелсіз судан құлашсыз сермеп, жүзіп өт демейтін бе еді.*

– *Деуіне депті-ау...*

Алтын құймалармен әшекейленген немесе алтынмен апталған белбеу қазақ мәдениетінде *зер белбеу* деп аталған. Зер белбеуді мата, былғары, қайыс бетін асыл тастармен, алтын құймалармен сәндеп, әшекейлеп жасаған. Ауқатты әйелдер, бойжеткендер мен бозбалалар әдемілік үшін такқан. Дәстүрлі қазақ қоғамында зер белдікті күйеуге шықпаған, бойжеткен қыздар да такқан. Бойжеткен ұзатылып, болашақ жұртына барған алғашқы түнде зер белдікті шешкен. Көркем фильмде Жібектің зер белдігі шешіледі, алайда ол жас жұбайлардың алғашқы төсегінің жаймасына қалыңдықтың ары мен абыройының қорғаны болып ортада жайғастырылады. Стилист жазушы белдіктің шешілу фрейміне одан «аттауға әлі ерте», тіптен «болмайды» деген оқиғаның ары қарай өрбуінен хабар беретін мазмұнды қоса береді. Оның үстіне *асау ақ Жайықтың екі жағасында тұрғандай* деп, Жайықтың екі жағасы бір-біріне жақын болғанымен (дауыс жететін қашықтық қазақ ұғымында 250–300 метр), ағыны қатты болғандықтан, кешіп өте алмайтындығын айтқызады. *Су терең. Дүлей толқында алай-түлей, өткел жоқ* деп, зер белдіктің қорған болып жатуының себебін бере түседі.

Ал Жібектің *құлашсыз сермеп, жүзіп өт демейтін бе еді* деуі – Төлеген әкесінің қарсылығы жайынан хабарсыздығы еді.

Міне, осы сипатта «Қыз Жібек» фильмінің өн бойынан қазаққа тән сөйлеу мәдениеті бейвербалды амалдардан, кейіпкерлердің киген киімінен, жүріс-тұрысынан да анық көрінеді.

**Қорытынды**

Сонымен, қорыта айтқанда, Ғ. Мүсіреповтің сценарийімен түсірілген С. Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмі – қазақ киносының шоқтығы биік туындыларының бірі болуы, көркемөнердегі тылсым құбылыс, «ғасырдың қайталанбас ғажабы» болып бағалануы фильмнің дарынды тұлғалардың тоғысқанынан ғана емес, кейіпкерлер тілінің жоғары мәдениеті мен стилінен туған. 1972 жылы Бүкілодақтық кинофестивальде «Үздік көркемдік шешім» аталымы бойынша жеңімпазы, қазақ киносының төлқұжатына айналған «Қыз Жібек» туындысы қазақ ауыз әдебиетінің айтулы мұрасы «Қыз Жібек» жырының желісімен жазылуы қазақтың дәстүрлі сөз үлгілерінен ғана тұруына әкелді.

Мақалада мақсатқа жету үшін қатардағы көрермен үшін сәтті диалог болып танылған сөздердің прагматикасына, интенциясына, лингвостилистикалық бірліктеріне назар аударылды. Қазақ сөз мәдениетіне тән дәстүрлі сөйлеу машығын анықтау үшін сөз стилін беретін лингвомәдениеттанымдық бірліктер анықталып, сөзсаптамдық, стилистикалық, лингвистикалық талдаулар жасалды. Талдау қорытындысы бойынша қазақтың дәстүрлі ұлттық этикасы негізінде пайда болатын диалог сөздердің үлгісі айқындалды. Сондай-ақ мәтінге жасалған стилистикалық талдау сөз болып отырған бірліктер көтеріңкі, салтанатты стильге жататыны анықталды.

«Қыз Жібек» фильміндегі қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері ретінде мыналар көрсетілді:

- ойды астарлап жеткізу;
- азсөзділік;
- бірсөзділік;
- сөз төркінін баға сөйлеу;
- әр сөзді өз орнында қолдану.

«Қыз Жібек» фильмінде тілдің коммуникативтік, куммулятивтік, эстетикалық, аксиологиялық, прагматикалық функциялары көрінеді. Сондықтан фильм халықтық сипат алып, әлі күнге дейін құндылығын жоймаған туындылардың бірі болып отыр.

*Мақала ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.*

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.
2. Мүсірепов Ғ., Мұстафин Ғ. Көп томдық. Әдебиет туралы. 2 том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 424 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.
4. Серғалиев М. Ғ. Мүсірепов және тіл мәдениеті. – Астана: Күлтегін, 2003. – 112 б.
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. – 247 б.
6. Күдерінова Қ. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №1(138). – Б. 8–18.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
8. Момышұлы Б. Қазақ тілі туралы пікір. [Электронды ресурсы]. URL: <https://abai.kz/post/1311> (қаралған күні 21.03.2023)
9. Салқынбай А. Тіл және мәдениет. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 136 б.

10. Құрманғалиқызы Ә. «Қыз Жібек» қазақ киносының Хан Тәңірі. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadabiet.kz/8703/yz-zhibek-aza-kinosyny-han-t-iri> (қаралған күні 25.03.2023)
11. Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. – Алматы: Жазушы, 1971. – 256 б.
12. Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов. – Алматы: Өнер, 1982. – 191 б.
13. Тілеужанов М. Халық тағылымы. – Алматы: Рауан, 1996. – 302 б.
14. Радлов В.В. Сібір жазбалары. V тарау. Түрік көшпенділері: қазақтар. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. – Алматы: Дәуір, 1992. – 249 б.
15. Уәли Н. Қазақтың дәстүрлі сөзсептамы (тілтанымдық үзіктер). – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 138 б.
16. Қабдайы О., Садықова М.С. Қазіргі және дәстүрлі қазақ сөзсептамы: салыстырмалы талдау (лексика-фразеологиялық деңгей бойынша) // Tiltanym. – 2022. – №3. – Б. 52–59.

#### REFERENCES

1. Syzdyqova R. Tildik norma jane onyn qalyptanuy (kodifikasiyas). Koptomdyq shygarmalar jinagy [The language norm and its normalization (codification). Collection of multi-volume works]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 292 b. [in Kazakh]
2. Musirepov G., Mustafin G. Kop tomdyq. Adebiet turaly [Multi-volume. On literature]. – Almaty: Adebiet alemi, 2012. – 424 b. [in Kazakh]
3. Uali N. Qazaq soz madenietinin teorialyq negizderi [Theoretical foundations of Kazakh speech culture]. Filol. gyl. dok. ... avtoref. – Almaty, 2007. – 24 b. [in Kazakh]
4. Sergaliev M. G. Musirepov jane til madeniet [G. Musirepov and language culture]. – Astana: Kultegin, 2003. – 112 b. [in Kazakh]
5. Jumaliev Q. Adebiet teoriyas. [Literary theory] – Almaty: Qazaqtyn memlekettik oqu-pedagogika baspasy, 1992. – 49 b. [in Kazakh]
6. Kuderinova Q. Qazaq tilinin dasturli sozsaptamy. [Traditional vocabulary of the Kazakh language] // L.N.Gumilev atyndagy EUU-nin Habarshysy. Filologia seriasy. – 2022. – №1(138). – B. 8–18. [in Kazakh]
7. Jumabaev M. Pedagogika [Pedagogy]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b. [in Kazakh]
8. Momyshuly B. Qazaq tili turaly pikir [Opinion on the Kazakh language]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/1311> (date of access 21.03.2023) [in Kazakh]
9. Salqynbai A. Til jane madeniet. [Language and culture] – Almaty: Qazaq universiteti, 2001. – 136 b. [in Kazakh]
10. Qurmanqaliqyzy A. «Qyz Jibek» qazaq kinosynyn Han Taniri [Khan Tangir of Kazakh cinema “Qyz Zhibek”]. [Electronic resource]. URL: <https://qazaqadabiet.kz/8703/yz-zhibek-aza-kinosyny-han-t-iri> (date of access 25.03.2023) [in Kazakh]
11. Adibaev H. Talant, talgam, tagdyr [Talent, taste, fate]. – Almaty: Jazushy, 1971. – 256 b. [in Kazakh]
12. Gabdullin N. Gabit Musirepov [Gabit Musirepov]. – Almaty: Oner, 1982. – 191 b. [in Kazakh]
13. Tileujanov M. Halyq tagylymy [The lessons of the people] – Almaty: Rauan, 1996. – 302 b. [in Kazakh]
14. Radlov V.V. Sibir jazbalary. V tarau. Turik koshpendileri: qazaqtar. Europa galymdarynyn qazaq madeniet turaly oi-pikirleri [Siberian records. Chapter V. Turkic nomads: Kazakhs. Thoughts of European scientists about Kazakh culture]. – Almaty: Dauir, 1992. – 249 b. [in Kazakh]
15. Uali N. Qazaqtyn dasturli sozsaptamy (tiltanymdyk uzikter) [Kazakh traditional speech]. – Almaty: Qazaq tili, 2021. – 138 b. [in Kazakh]
16. Qabadaiy O., Sadyqova M.S. Qazirgi jane dasturli qazaq sozsaptamy: salystyrmaly taldau (Leksika-frazeologialyq dengei boiynsha) [Modern and traditional Kazakh speech: comparative analysis (according to the lexico-phraseological level)] // Tiltanym. – 2022. – №3. – B. 52–59. [In Kazakh]